

Ақмола облысы Ішкі істер басқармасының N 84 еңбекпен-түзеу колониясын тергеу изоляторы етіп қайта жаңарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 13 маусымдағы N 968

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті Ақмола облысының әкімімен бірлесіп бір ай мерзімде еңбекпен-түзеу колониясын ұйымдастыруға қажетті Ақмола облысы Державин ауданының Степной поселкесінің мемлекеттік мүлкін Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне иелік ету, пайдалану және билік ету құқығымен (иелігінен алу және аманатқа беру құқығынсыз), өткізу актісіне сәйкес беретін болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1997 жылдың 15 шілдесіне дейін мерзімде Ақмола облысы Державин ауданының Степной поселкесінің объектілерін күзетуге алсын;

Ақмола облысы ішкі істер басқармасының N 84 еңбекпен-түзеу колониясын тергеу изоляторы етіп қайта жаңартуды жүзеге асырсын;

1997 жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей Ақмола облысының ішкі істер басқармасының N 84 еңбекпен-түзеу колониясын және тергеу изоляторын көшірсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісімі бойынша) және Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комиссиясы Ақмола облысы Державин ауданының Степной поселкесін еңбекпен-түзеу колониясына қайта жаңарту және Ақмола облысы ішкі істер басқармасының N 84 еңбекпен-түзеу колониясын тергеу изоляторына қайта жаңарту жұмыстарын Қазақстан Республикасының астанасын көшіру және Ақмола қаласын және оның ықпал ету аймағын одан әрі дамыту жөніндегі бірінші кезекті шаралардың мемлекеттік бағдарламасына енгізу мүмкіндігін және аталған жұмыстарды 1997 жылы қаржыландыру үшін қажетті қаражатты "Жаңа астана" республикалық бюджеттен тыс қорының есебінен бөлуді қарастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1998 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне Ақмола облысы Державин ауданының Степной поселкесін еңбекпен-түзеу колониясына қайта жаңартуды аяқтауға және жаңа тергеу изоляторын қайта жаңартуды аяқтауға қажетті қаражат бөлуді көздесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК